

Астана қаласы әкімдігінің

«І. Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МҚК



**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ТӘРБИЕ
ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ**

Директордың ТЖЖ орынбасары Ж. Газиева

2024-2025 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының қорытынды есебі

2024-2025 оқу жылында білім мекемесінде тәрбие жұмысы белгіленген жоспарға сай, жүйелі жүргізілді.

Білім мекемесінің тәрбие жұмысы - ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыруға бағытталады. Тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүргізілді

Мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

2023-2024 оқу жылының сараптамалық талдауынан 2024-2025 оқу жылына ұсыныстар:

- Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің қызметін реттеу;
 - Ата – аналарды қолдау орталығы жұмысын жүйелендіру;
 - Білім алушылардың өзін-өзі басқарудың бірыңғай жүйесін жетілдіру және балалар ұйымының жұмысына қолдау көрсету;
 - Оқушыларды құндылыққа тәрбиелей отырып, олардың азаматтық ұсанымын, дүниетанымын кеңейтуге, интеллектуалдық дамуын қалыптастыруға, оқыту материалын меңгеруді жақсартуға түсуге бағытталған тәрбие жүйесін қалыптастыру;
 - Балалардың конкурстарға, түрлі деңгейдегі фестивальдарға қатысуына жағдай жасау.
- 2023-2024 оқу жылының соңындағы аталған ұсыныстарды ескере отырып, 2024-2025 оқу жылының тәрбие жұмысында аталған ұсыныстарды іске асыру басшылыққа алынды.

2024-2025 оқу жылында сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің қызметін реттеу мақсатында сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі құрылып, жұмыс жоспары бекітіліп, сынып жетекшілерге әдістемелік қолдау көрсетілу жұмыстары жүргізілді

Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады. Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиет терін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылды.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Оқу жылының әр айында тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- Қараша – әділдік және жауапкершілік айы
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы
- Қаңтар – заң және тәртіп айы
- Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Мамыр – бірлік пен ынтымақ айы

Әр айдың іс-шаралары күнделікті әлеуметтік желіде жарияланды. (**Қосымша 1**)

• «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас ойындары аптаның әсіресе жұма күндері өткізіліп, оқушылар тарапынан жоғары белсенділік болды

• «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру бойынша жаратылыстану бірлестігі мен Жас ұлан ұйымы тарапынан мектепшілік акциялар ұйымдастырылды.

• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында дүйсенбі күндері бірінші сабақ алдында білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындап, 20 минуттық тәрбие сағаттарында өз ойларымен бөлісе білді, сонымен қатар «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 5-7 минут ақпарат беріліп, әңгіме өткізілді.

• «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылып мектептің оқу тәрбие процесінде тиімді қолданылды

Соңғы 3 жылдағы сынып комплектісінің өсу және кему динамикасы

№	сыныптар	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	Өсу/ динамикасы кему
1	1-4 сыныптар	41	37	31	-6
2	5-7 сыныптар	32	33	26	-7
3	8-11 сыныптар	30	31	32	+1
		103	101	89	-12

2022-2023 оқу жылында 103 сынып комплектісі болса, 2023-2024 оқу жылында 101 сынып комплектісі, 2024-2025 оқу жылында 89 сынып комплектісі ашылды. Сынып комплектісі мектеп шағын ауданындағы «дачный массив» үйлерінің жаңа 106 мектепке берілуімен және 9 сынып бітірушілердің колледжерге түсуімен азайды. Оқушылардың еңбекпен қамтылуы туралы мәліметтер жинақталып, есеп тапсырылды.

2024-2025 оқу жылында 89 сынып комплектісіне сынып жетекшілер тағайындалып, оқу жылында жүйелі жұмыс жүргізілді. Әр параллельдер бойынша староста тағайындалып, бөлінген көшбасшылық принципінде жұмыс жасалынды. Мектептің ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы, оқушылардың себепсіз сабақ босатпауы, буллинг және кибербуллинг мәселелері, мектеп формасын сақтау т.с.с түйінді мәселелерде сынып жетекшілері үлкен істі атқарды. (Қосымша)

Мектепте білім алушылардың танымдық мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және ұлттық, жалпыазаматтық құндылықтарды дарытуға, патриоттық сезімді оятуға бағытталған жұмыстар жоспарланып, жүргізілуде. «Адал ұрпақ» клубы, «Даналық мектебі» аясында «Гибрат» әжелер клубы, Әкелер клубы, «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы, Жас Ұлан өзін-өзі басқару ұйымы жұмысын жүйелі жүргізуде. 2023-2024 оқу жылынан Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылып, тоқсан сайын ата-аналарды қолдау мақсатындағы іс-шаралар аймақтар бойынша бөлініп, жүргізіліп келеді.

«Алты Алаш» клубы

Ілияс Жансүгіров атындағы 58 мектеп-гимназиясында 2021-2022 оқу жылынан бастап дебат клубы өз жұмысын жалғастырып келеді. Осы орайда тарих пәнінің мұғалімі Сейтен Гүлбану Төлеуқызы өзінің авторлық бағдарламасы негізінде «Пікір сайыс-сөз додасы» деп аталатын факультативтік сабақтарында оқушыларға терең білім беріп келеді. Сонымен қатар оқушыларға дебат ойындары бойынша түрлі форматтарды үйретуде. Әр оқу жылы сайын дебатқа қатысушы оқушылар саны да артып келеді. Оқушылар дебатқа барлық ықыласымен қатысатындығы көрінеді. Ертеңгі еліміздің кемел болашағы үшін ойы мен білімі жүйрік ұрпақ тәрбиелеуде дебаттық ойындардың үлесі жоғары деп білемін. Ілияс Жансүгіров атындағы 58 мектеп-гимназиясында 6-9 сыныптар арасында "Алты Алаш" дебат клубы мектепшілік турнирін өткізді. БП: «Болашақ жастарды тәрбиелеуде рухани құндылықтарды дәріптеу маңызды/маңызды емес» тақырыбында пікір сайысқа түсіп, жеңіске жеткен үздік топ анықталып аудандық турнирге жолдама алды. Оқушыларымыз аудандық турнирде ерекше жетістікпен қалалық турнирге жолдама алды. (Қосымша 1)

«Даналық мектебі» «Гибрат» әжелер клубы клубы мектебіміздің позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Клуб – бұл жұмыстың ең қолайлы формасы, өйткені ол қатысушылардың теңдігі тұрғысынан жұмысты қамтамасыз етеді және ата-аналар үшін даму ортасын құрудағы әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы орайда «Гибрат» әжелер клубының жоспары жасалып, апта сайын жұма күні ұлттық құндылықтарға негізделген іс-шарлар өтуде.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында жоспарға сәйкес іс-шарлар өткізіліп тұрады. **«Отбасы – бақыт бесігі», «Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?», «Әрбір бала – жарық жұлдыз», «Баланы жастан...», «Балалардың**

компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?» сияқты тақырыптарда ата-аналарға арналған семинар-тренингтер өткізілді. Бала тәрбиесі ата-ана тәрбиесімен ұштасып жатуы тиіс. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті — болашақта баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, саналы ұрпақ болып өсуіне, дұрыс білім алып жетілуіне, өмірде өз орнын табуына көмек беру. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға –ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана, қала берді қоғам. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек.


Қоғамның алғашқы ұйытқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы отбасында өз орнын алуынан басталады. Осы орайда педагогикалық қолдау орталығының ата-ана үшін маңыздылығы ерекше.

Мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтың жылдық жоспарлары жасалып бекітілген.Жоспар бойынша жоспарланған іс-шарлар жүзеге асырылды.

2024-2025 оқу жылында мектебіміздегі тегін және ақылы негізде жүргізілетін үйірмелер туралы мәлімет төмендегідей:

№	Үйірме жетекшілері	Үйірме атауы	2023-2024 оқу жылы оқушы саны	2024-2025 оқу жылы оқушы саны	өсу динамикасы
1	Сахаба Жанболат	Баскетбол ұл	19	20	+1
2	Ибраев Азамат	Баскетбол қыз	14	16	+2
3	Мұрат Әуелбек	Волейбол ұл	13	16	+3
4	Дәулетов Бахыт	Футбол ұл	18	21	+3
5	Долкей Шариан	Волейбол	11	13	+2
6	Минап Жанұзақ	Тоғызқұмалақ	12	15	+3
7	Садық Нұрсұлтан	Асық ату, гір көтеру, арқан тартыс	18	18	+0
8	Минап Жанұзақ	Жеңіл атлетка	11	12	+1
9	Токин Серік	Арқан тартыс, дартс	9	14	+5
10	Дүйсенбаева Қарлығаш	Бес тас	15	18	+3
11	Ахметов Бауыржан	Дәстүрлі ән	9	10	+1
12	Аханбайқызы Айнұр	Би (Gold step)	27	33	+6
14	Игіліков Алмат	Би (Gold step)	0	18	+18
15	Шерниязов Сеймурат	Каратэ (ақылы)	11	14	+3
16	Бітімбаев Бақдаулет	Каратэ (ақылы)	19	25	+6
17	Жүнпейиова Алмагүл	Домбыра (ақылы)	13	13	+0
18	Нұркенова Айдана	Домбыра (ақылы)	12	14	+2

Үйірмеге қатысқан оқушылар жыл бойы шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысып мектеп қоржынына жүлделі орындар әкелді.



➤ **Білім алушылардың өзін-өзі басқарудың бірыңғай жүйесін жетілдіру және балалар ұйымының жұмысына қолдау көрсету бойынша жұмыстар жүргізілді**

Мақсаты:

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

Міндеттері:

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
- 7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.
- 9) Білім беру ұйымдарында Парламент қызметі өңір мен білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар жүргізілді.

№	Іс-шараның атауы	Анықтамалары	Сілтемесі
1	Мектеп парламентін сайлау комиссиялары, жалпы өтілуін ұйымдастыру. Мектеп парламентінің мектепшілік кеңесінің жұмысын ұйымдастыру. №1 отырысы	Жаңа оқу жылының басында мектебімізде мектеп парламентін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Бұл үрдіс оқушылардың өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту, азаматтық белсенділігін арттыру, мектеп өміріне белсенді араласуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асты. Алдымен мектеп парламентін сайлау комиссиялары құрылып, үміткерлерге қойылатын талаптар, сайлау ережелері мен үгіт-насихат кезеңі бекітілді. Үміткерлер өз бағдарламаларын дайындап, мектеп оқушыларына ұсынды. Әр сыныпта сайлау алдындағы кездесу ұйымдастырылып, ашық әрі әділ дауыс беру жүргізілді. Нәтижесінде мектеп парламентінің жаңа құрамы жасақталып, оқушылар өз таңдауларын жасады. Парламенттің алғашқы қадамы ретінде №1 мектепшілік кеңес отырысы өткізілді. Отырыста жаңадан сайланған президент пен мүшелер таныстырылып, жыл бойы атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттері айқындалды. Бұл отырыс – оқушылардың бастамалары мен көшбасшылық қасиеттерін дамытуға жол ашатын, мектеп өміріне жаңаша серпін беретін маңызды кезең болды.	https://www.instagram.com/reel/DGC7J0aM3Yo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFiZA==

2	«Отан-отбасына н басталады» Сурет салу байқауы. (3-4 сынып)	Мектебімізде патриоттық тәрбие мен отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында «Отан – отбасынан басталады» атты тәрбиелік мәні зор челлендж ұйымдастырылды. Шараны мектеп парламенті қолға алып, оқушылар мен ата-аналарды белсенді қатысуға шақырды. Челленджге қатысушылар өз отбасыларымен бірге түсірілген бейнероликтер мен фотосуреттерді ұсынды. Әр отбасы өздерінің бірлігін, татулығын, ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды ерекше форматта көрсетіп, Отанға деген сүйіспеншіліктерін білдірді. Қатысушылар “Менің отбасым – менің кіші Отаным”, “Отан – отбасындағы сыйластықтан басталады” сынды ойларымен бөлісіп, жүрекжарды тілектер айтты. Челлендж оқушылар мен ата-аналардың шығармашылығын шындап, ұрпақ тәрбиесінде отбасының рөлін айқындай түсті. Бұл бастама – шынайы патриотизм мен рухани байлықтың отбасынан басталатынын дәлелдеген ерекше жоба болды.	https://www.instagram.com/p/C_sSWAbsDdc/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/C_k5Jqs9G/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
3	«Отбасым – менің тірегім» атты отбасылық эстафеталық жарыс. (2-сынып арасында)	Мектебімізде отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту мақсатында «Отбасым – менің тірегім» атты отбасылық эстафеталық жарыс ұйымдастырылды. Бұл жарысты мектеп парламенті мен дене шынықтыру пәні бірлестігі бірлесіп өткізді. Жарысқа белсенді ата-аналар мен оқушылардан құралған отбасылар қатысты. Олар түрлі спорттық эстафеталар мен қызықты тапсырмаларда бақ сынасып, ұйымшылдық пен шапшаңдықтарын көрсетті. Әр кезеңде отбасылар тек дене шынықтыру қабілеттерін ғана емес, бір-біріне деген сенім, қолдау, өзара түсіністік сияқты маңызды қасиеттерді танытты. Зал іші жарқын күлкі мен шапалаққа толып, қатысушылар мен жанкүйерлер арасында ерекше көтеріңкі көңіл-күй орнады. Жарыс соңында үздік нәтижелер көрсеткен отбасылар марапатталып, алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.	https://www.instagram.com/reel/C_kpHxsaaN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
4	"ТІЛ ДЕГЕН АЛЫП МҰХИТ, ТҮБІ ТЕРЕҢ» іс-шарасы	Мектебімізде Тілдер күніне орай “Тіл деген алып мұхит, түбі терең» атты танымдық әрі тәрбиелік мәні зор іс-шара ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның мақсаты – мемлекеттік тілді құрметтеу, тіл байлығын насихаттау, көптілділікті дәріптеу және оқушылардың тіл мәдениетін арттыру. Шара барысында оқушылар тіл туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді жатқа айтып, өлеңдер оқыды. Әр ұлттың тілінде сәлемдесу, тілектесу, мәдени ерекшеліктерді таныстыру арқылы көптілділікке деген қызығушылық артты. Сонымен қатар, көркем сөз оқу, эссе жазу және “Тіл – ұлттың жаны” тақырыбында пікірсайыс өткізіліп, оқушылар өз ойларын еркін жеткізе білді. Іс-шараны мектеп парламенті ұйымдастырып, көрермендерге мағыналы театрландырылған қойылым мен көріністер ұсынды. Бұл шара – оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, өз ана тіліне, өзге ұлт өкілдерінің тілі мен мәдениетіне деген құрметін тереңдетті.	https://www.instagram.com/reel/C_kCcRjoBHS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
5	"Ұстазым, менің ұстазым" атты музыкалық	Ұстаздар мерекесіне орай мектебіміздің оқушылары мен мектеп парламенті ұйымдастырған “Ұстазым, менің ұстазым” атты музыкалық челленджге белсенді түрде қатысып, өз өнерлерін арнады. Бұл челлендж – ұстазға деген шексіз алғыс пен махаббаттың ерекше бір көрінісі болды.	https://www.instagram.com/reel/DAPwV8Bs3_Y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/DASuC5fsADh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

	челленджге қатысу.	Оқушылар қазақша және өзге тілдерде ұстаз туралы әндер орындап, бейнежазбалар арқылы жылы лебіздерін білдірді. Әр сынып өзара ерекше идеяларымен бөлісіп, ән мен видеоны шығармашылықпен безендіріп, ұстаздарға шынайы ықыласын жеткізді. Челлендж барысында оқушылардың музыкалық қабілеті, сахналық мәдениеті мен ұстазға деген құрметі айқын көрінді. Дайындалған бейнероликтер әлеуметтік желілерде жарияланып, көпшіліктің жүрегінен орын алды. Бұл челлендж – оқушылар мен ұстаздар арасындағы рухани байланысты нығайтып, алғыс айту мәдениетін дамытқан тағылымды жоба болды.	e=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/DAuqSW0orkO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
6	Ұстаздар мерекесіне орай «Дублер күні» өткізу. Өзін-өзі басқару күні	Ұстаздар қауымына құрмет көрсету және оқушылардың басқарушылық қабілетін дамыту мақсатында мектебімізде “Өзін-өзі басқару күні”, яғни “Дублёр күні” сәтті ұйымдастырылды. Бұл күні мектеп парламентінің белсенді мүшелері мен жоғары сынып оқушылары ұстаздардың рөлін уақытша өз мойындарына алып, сабақ жүргізіп, тәртіпті бақылап, күнделікті оқу процесіне қатысып көрді. Әр оқушы өз тандауы бойынша пән мұғалімінің орнына кіріп, алдын ала дайындалған жоспар бойынша сабақ өткізді. Сондай-ақ мектеп директоры мен оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін де оқушылар уақытша атқарып, өзін жаңа қырынан байқап көрді. Бұл күн – оқушылар үшін үлкен тәжірибе, ал ұстаздар үшін ризашылық пен қуанышқа толы ерекше сәт болды. Ұстаз болудың жауапкершілігін сезінген оқушылар өздеріне жаңа мақсаттар қойып, мұғалім мамандығына деген құрметтері арта түсті. “Дублёр күні” – ұрпақтар сабақтастығын, өзара түсіністік пен құрметті қалыптастыратын тәрбиелік мәні зор іс-шара болды.	https://www.instagram.com/reel/DAqGrg-sNKI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/DAqGn1SsFUG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
7	Мектеп президентін таныстыру.	Мектебімізде мектеп парламентінің жаңа мектеп президенті ресми түрде таныстырылды. Бұл ерекше сәт – оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Президент сайлауына дейінгі кезеңде үміткерлер өз бағдарламаларын ұсынып, мектеп өмірін жақсарту бағытында түрлі ұсыныстарын ортаға салған болатын. Таныстыру рәсімі барысында жаңа президент өз жоспары мен мақсаттарын жариялап, оқушылардың сенімін ақтауға және мектептегі белсенді өмірді жандандыруға бар күшін салатынын жеткізді. Сонымен қатар, бұрынғы президентке алғыс білдіріліп, оның атқарған жұмыстары жоғары бағаланды. Жаңа мектеп президенті – оқушылар мен ұстаздар арасындағы алтын көпір бола отырып, ұжымдағы бірлік пен серіктестікті дамытуға үлес қосады деп сенеміз. Бұл шара — оқушылардың азаматтық белсенділігін арттыруға, жауапкершілік пен көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған маңызды қадам болды.	https://www.instagram.com/p/DBToCZysxqg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/DBTUs7vsiqm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
8	25 қазан Республика күні! видео-сауалнама.	Мектебімізде 25 қазан – Республика күніне арналған іс-шаралар аясында бейне-сауалнама жүргізілді. Бұл бастаманы мектеп парламенті қолға алып, оқушылар арасында елге деген сүйіспеншілікті, патриоттық рухты насихаттауға бағыттады. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, Отанға деген сүйіспеншіліктерін, Қазақстан азаматы ретінде мақтаныш сезімдерін білдірді. Әр жауап – шынайылық пен сенімділікке толы болды.	https://www.instagram.com/reel/DBdAq_dob3Z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/DBdr3WTs7Zh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

		Дайын болған бейнеролик мектеп ішінде көрсетіліп, Республика күніне арналған мерекелік көңіл күйді одан әрі арттырды. Бұл сауалнама – оқушылардың азаматтық көзқарасын қалыптастыруға, ел болашағына деген сенімін нығайтуға бағытталған маңызды бастама болды.	https://www.instagram.com/reel/DBDr3WTs7Zh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
9	«Алтын күз» мерекесі (бастауыш сынып)	Мектебімізде мектеп парламентінің ұйымдастыруымен көңілді де мазмұнды «Алтын күз» мерекесі өтті. Бұл іс-шара күздің көркем көріністерін, молшылық пен берекенің мәнін дәріптеуге арналған. Мерекелік шараға мектеп оқушылары белсене қатысып, өз өнерлерін, тапқырлығын, шығармашылығын ортаға салды. Әр сынып күз тақырыбына сай көрме бұрыштарын, ұлттық тағамдар мен колөнер туындыларын дайындап, мерекеге ерекше сән берді. Мерекеде күз ханшайымы мен ханзадасы сайланып, оқушылар поэзия оқып, күзге арналған әндер шырқап, түрлі сахналық қойылымдар қойды. Сонымен қатар, күзгі өнімдерден жасалған ерекше сәндік бұйымдар көрмесі ұйымдастырылды. Парламент мүшелері әділқазылық жасап, ең үздік шығармашылық жұмыс, безендіру мен көркем қойылым иелерін марапаттады.	https://www.instagram.com/reel/DBI0nn7sRKj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/DBN5XhdMkrd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
10	"ҚЫЗ баланың бой жетуі!» қыздар жиналысы	Мектебімізде мектеп парламентінің ұйымдастыруымен “Қыз баланың бой жетуі” атты тәрбиелік мәні зор қыздар жиналысы өткізілді. Іс-шараның мақсаты — жасөспірім қыздардың бойына инабаттылық, өзін-өзі тану, жеке бас гигиенасы мен этикалық тәртіп туралы түсінік қалыптастыру, бойжеткендікке дайындық пен жауапкершілік сезімін дамыту. Жиналыс барысында оқушылармен ашық әңгіме жүргізіліп, мамандар мен ұстаздар қыз баланың өзін-өзі күтуі, сыртқы және ішкі сұлулығы, мінез-құлық мәдениеті, сондай-ақ әлеуметтік желідегі қауіптер туралы кеңес берді. Қыз баланың өзін-өзі құрметтеуі, шекара қоя білуі және өзін қауіпсіз ортада ұстауы туралы маңызды тақырыптар қозғалды. Мұндай шаралар қыз балалардың тұлғалық дамуына, өз-өзіне сенімділік пен жауапкершілік қалыптастыруына үлкен септігін тигізеді. Қыз тәрбиесі — ұлт тәрбиесінің негізі.	https://www.instagram.com/p/DBaXVvlo-p1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
11	Мектеп парламентінің жұмысының тиімділігі. Мектепшілік кеңесінің №2 отырысы	Мектебімізде мектеп парламентінің мектепшілік кеңесінің №4 отырысы өтті. Бұл басқосу – мектеп парламентінің атқарған жұмысын саралау, болашаққа нақты жоспар құру және оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Кеңес барысында парламент мүшелері өткен тоқсанда жүзеге асқан іс-шараларға есеп беріп, олардың тиімділігі мен оқушыларға әсерін саралады. Атап айтқанда, Достық айы, Алғыс айту күні, ұлттық киім күндері, спорттық жарыстар сынды оқушылардың қызығушылығын арттырған маңызды жобалар талқыланып, жетістіктері атап өтілді. Кеңес отырысында оқушылар өзара пікір алмасып, мектептегі тәрбие жұмыстары мен мәдени-танымдық іс-шараларды жетілдіру жөнінде ұсыныстарын білдірді. Сонымен қатар, алдағы жоспарлар мен жаңа бастамалар қарастырылып, әр бағыт бойынша жауапты парламент мүшелеріне нақты тапсырмалар жүктелді. Бұл отырыс мектеп парламентінің жұмысының жүйелі, нақты мақсатқа бағытталғанын көрсетті. Оқушылардың	https://www.instagram.com/reel/DGC7J0aM3Yo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

		мектеп өміріне белсене араласуы – оқу орнының ішкі мәдениетін арттырып, жауапкершілік пен көшбасшылық дағдыларын қалыптастырып келеді.	
12	7 сынып оқушылары арасында шағын футбол турнирін өткізу. (Қысқы демалыс)	Қысқы демалыс кезінде 7-сынып оқушылары арасында шағын футбол турнирі ұйымдастырылып, оқушылар уақытты тиімді әрі көңілді өткізді. Бұл турнир – оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және өзара достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында өткізілді. Жарысқа 7-сыныптың барлық параллель сыныптары қатысып, өз шеберліктерін көрсетті. Әр команда ұйымшылдық, шапшаңдық пен тактикалық ойынды қатар алып шығып, тартысты ойын көрсетті. Жанкүйерлер де белсенділік танытып, алаң шетінде командаларына қолдау көрсетті. Бұл спорттық іс-шара оқушылардың демалысын мазмұнды, белсенді өткізуіне мүмкіндік беріп, достық пен бірліктің маңызын айқындай түсті.	https://www.instagram.com/reel/DDHsdHYMDdb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
13	Әр жұма сайын «Ұлттық киім» күні	Мектебімізде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында әр жұма сайын “Ұлттық киім” күні ұйымдастырылып отыр. Бұл бастама оқушылардың бойында ұлттық сана мен рухты ояту, ата-бабамыздың киелі киім дәстүрін құрметтеуге баулу мақсатында қолға алынды. Жұма күндері мектеп оқушылары мен ұстаздары түрлі ұлттық киімдермен келіп, өздерінің мәдени мұраға деген сүйіспеншілігін көрсетті. Бұл игі дәстүр мектепте ерекше атмосфера қалыптастырып, оқушыларға ұлттық болмыс пен бірегейлік сезімін ұялатты. Ұлттық киім – тек сыртқы сән ғана емес, ол – халықтың тарихы мен рухының көріісі.	https://www.instagram.com/p/DCZjCmUMAdf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA https://www.instagram.com/reel/DCZmAVJsfPv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
14	Алғыс айту күніне видео-ролик әзірлеу.	1 наурыз – Алғыс айту күніне байланысты мектебіміздің белсенді оқушылары жүрекжарды, мағынасы терең бейнеролик әзірледі. Бейнероликтің басты мақсаты – оқушылардың айналасындағы адамдарға, ұстаздарға, ата-аналарға, достар мен туған мекенге деген алғысын білдіру арқылы ризашылық мәдениетін қалыптастыру болды. Әр оқушы өз алғысын видео арқылы жолдап, шынайы ықыласпен жылы сөздер айтты. Олардың әрбір лебізі – мейірім мен риясыз сүйіспеншіліктің көрінісі болды. Роликте түрлі ұлт өкілдерінің де алғыстары қамтылып, бейбітшілік пен бірлік құндылықтары да ерекше атап өтілді. Бұл бастама оқушылардың бойында ізгілік, кішіпейілділік, адамгершілік қасиеттерді дамытып, мектеп ішіндегі жылы қарым-қатынасты нығайтты. Бейнеролик мектептің әлеуметтік желі парақшаларында жарияланып, көпшілік тарапынан оң пікір мен қолдау тапты.	https://www.instagram.com/p/DGtC5DnMXfb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/DGuevtnsCqC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
15	Наурыз мерекесін орай ұлттық киім күні	Наурыз мерекесіне орай мектебімізде Ұлттық киім күні аталып өтті. Бұл бастаманы мектеп парламенті ұйымдастырып, оқушыларды ұлттық мәдениетімізді насихаттауға, ата-бабамыздың асыл мұрасын қастерлеуге шақырды. Шара барысында мектептің оқушылары, ұстаздары мен қызметкерлері түрлі ұлттық киімдермен келіп, мектеп іші нағыз дәстүр мен салт-санаға толы мерекелік атмосфераға бөленді. Қазақ халқының ою-өрнекке бай шапандары, камзолдары, тақиясы мен сәукелесі – барлығы	https://www.instagram.com/p/DHTK8-esr95/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

		оқушылардың көз қуанышына айналып, көрмеге қойылғандай әсер қалдырды. Парламент мүшелері ұлттық киім үлгілері туралы шағын таныстырылым жасап, олардың тарихы мен маңызын түсіндірді. Оқушылар бір-бірімен суретке түсіп, киімдермен танысып, ұлттық болмысты сезініп, мақтанышпен бөлісті. Бұл күн оқушылардың бойына ұлтқа деген сүйіспеншілік пен құрмет ұялатты, ұлттық рухты оятты. Ұлттық киім – тек сән ғана емес, бұл – тарих, бұл – тәрбие, бұл – рухани байлық.	
16	Мектеп парламентінің мектепшілік кеңесінің №3 отырысы	Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен кезекті №3 мектепшілік кеңес отырысы өткізілді. Жиын барысында мектеп өміріндегі маңызды мәселелер қаралып, оқушылардың бастамалары мен ұсыныстары тыңдалды. Отырыстың басты мақсаты – оқушылардың белсенділігін арттыру, мектепшілік тәртіп пен ұйымшылдықты сақтау, сондай-ақ алдағы іс-шараларды жүйелі түрде жоспарлау болды. Парламент мүшелері өткен кезеңде атқарылған жұмыстарға қысқаша есеп беріп, талдау жасады. Сонымен қатар, Достық айы, Отан қорғаушылар күніне арналған сайыстар, алғыс айту іс-шаралары секілді алда өтетін маңызды жобалар талқыланды. Кеңес отырысында әр сыныптан келген өкілдер өз ұсыныстарын айтып, мектеп өмірін жандандыруға қатысты пікірлерін білдірді. Жиын нәтижесінде нақты шешімдер қабылданып, жауапты оқушылар мен топтарға міндеттер жүктелді. Бұл отырыс мектеп парламентінің оқушы үнін ескеруге, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға және мектептің даму бағыттарын оқушылармен бірлесе отырып айқындауға бағытталған маңызды қадам болды.	https://www.instagram.com/reel/DGC7J0aM3Yo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
17	Достық айының ашылуы. «Татулықтың тамыры-Достық» мектеп оқушыларының құттықтау бейнеролигі.	Мектебімізде Достық айының салтанатты ашылуы өтті! Бұл ай бойына оқушылар арасында достықты, бірлікті, татулық пен сыйластықты дәріптейтін тәрбиелік маңызы зор шаралар ұйымдастырылмақ. Ашылу апталығы аясында мектеп парламентінің бастамасымен «Татулықтың тамыры – Достық» атты оқушылардың құттықтау бейнеролигі жасалып, мектеп ішінде көрсетілді. Бұл бейнероликте әр сыныптың оқушылары өзара достық туралы ойларын, тілек-лебіздерін білдіріп, түрлі ұлт өкілдері арасындағы ынтымақ пен бірліктің маңызын ерекше атап өтті. Оқушылардың шынайы эмоциясы мен әсерлі тілектері бейнероликке ерекше жылулық пен мағына берді. Әр қатысушы достықтың шынайы бейнесін көрсетіп, татулық пен сыйластықтың мектеп ұжымындағы рөлін нақты жеткізе білді. Бұл бастама – мектеп ішіндегі достық атмосферасын нығайтып, оқушыларды бір-бірін құрметтеуге, ортақ құндылықтарды бағалауға үйрететін маңызды қадам болды. Достық айы тек іс-шаралармен ғана емес, оқушылардың бір-біріне деген мейірімі мен қолдауына толы болмақ	https://www.instagram.com/p/DJGiINtMcYm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

18	7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай «Ұранды ердің - ұрпағы қайсар» ұлдар арасында спорттық сайыс.	«Ұранды ердің – ұрпағы қайсар» атты ұлдар арасындағы спорттық сайыс жоғары деңгейде өткізілді! Бұл шараның мақсаты — оқушыларға Отанға деген сүйіспеншілік сезімін сіңіру, патриоттық рухты ояту, жігіттерді батылдыққа, төзімділікке, шымырлыққа тәрбиелеу болды. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын насихаттап, жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын арттыру көзделді. Іс-шара барысында ұлдар бірнеше кезеңнен тұратын спорттық жарыстарға қатысты. Жарысқа қатысушылар күш, ептілік пен жылдамдықты талап ететін түрлі сайыстарда бақ сынасты. Белтемірге тартылу, арқан тарту, қол күресі, секірме жарыс, сондай-ақ әскери дайындық элементтері қосылған кедергілерден өту секілді қызықты тапсырмалар орындалды. Қатысушылар шапшаңдық, төзімділік және ұйымшылдық қасиеттерін көрсетіп, достық пен командалық рухты ұштастыра білді. Жарыс барысында көрермендер де ерекше белсенділік танытып, қатысушыларға қолдау білдірді. Мұндай рухты әрі мағыналы шара оқушылардың өзара қарым-қатынасын нығайтып, ер балалардың бойына ұлттық рух, қайсарлық пен жауынгерлік рухты дарытты. Шара соңында жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар марапатталып, оларға мақтау қағаздары мен сыйлықтар табысталды. Ұйымдастырылған спорттық сайыс — жас ұландарға рух беріп, олардың ерлікке деген көзқарасын тереңдеткен, тәрбиелік мәні зор іс-шара болды.	https://www.instagram.com/reel/DJW1N39sCap/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/DJT2mKFMqOa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
19	Мектеп парламенінің «Мектебім, саған мың алғыс!» іс-шарасын ұйымдастыру	Мектебіміздің парламенті ұйымдастырған тағылымы мол, жүрекке жылы тиер ерекше іс-шара — «Мектебім, саған мың алғыс!» атты алғыс айту күні жоғары деңгейде өткізілді. Бұл шараның басты мақсаты — оқушылардың мектебіне, ұстаздарына, қызметкерлерге, тіпті әрбір сынып пен партасына деген ризашылығын білдіруге мүмкіндік жасау болды. Мектеп — білім мен тәрбие берген алтын ұямыз. Сол үшін шын жүректен алғыс айту — әрбір оқушының парызы. Іс-шара аясында мектеп парламентінің белсенділері оқушылар ұстаздарына арналған ашық хаттар мен алғыс хаттар жазып, шығармашылық жұмыстар арқылы өз алғыстарын білдірді. Әр сынып өз параллельдерінде шағын алғыс бұрыштарын жасап, мектептің көркеюіне өз үлестерін қосты. Іс-шара оқушылардың бойындағы ізгілік, сыйластық, мейірім, алғыс айту сынды адами құндылықтарды дамытуға ықпал етіп, мектепке деген сүйіспеншілікті тереңдете түсті. Мектеп ұжымы мен оқушылар арасындағы жылы қарым-қатынас артып, ерекше атмосфера қалыптасты. Бұл бастама – жай ғана іс-шара емес, жүректен шыққан ризашылықтың көрінісі. Білім мен тәрбие берген алтын ұямызға мың алғыс!	https://www.instagram.com/reel/DKEfthiM8dZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/DKEf0QAMvws/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA== https://www.instagram.com/reel/DKEf2VDsIOw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Спорттық іс-шаралар, әдістемелік бірлестіктердің онкүндіктері аясында жүргізілген шаралар

- «Шұбар доп» футбол ойынынан жарысы (9-11-сынып оқушылары арасында)
- «Асық ату», «Бес асық» ұлттық ойындардан жарыстар; (4-5-6 сыныптар)
- «Алтын доп» футбол ойынынан жарысы (9-сынып оқушылары арасында)
- «Күш атасын танымас» Қол күрес ұлттық ойынынан жарысы, т.б.

Барлық іс шаралар туралы ақпарат қосымша 1 кестесінде берілген.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
-креативтілік -идеяның көптігі -өзара жақындық	- ұйымдастыру жұмысының ұзаққа созылуы -қызығушылықтарының жиі ауысуы
Мүмкіндіктері	Қаупі
-үлкен жобалар жасау -мектеп оқушыларының жан дүниелерін түсіне алу -қосымша қызметтерді тез меңгеруі	-бос уақытты тиімді жоспарламау -уақыт тапшылығы

Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу орталығымен, Астана қаласы Сарыарқа ауданы Прокуратурасы, Астана қаласы Сарыарқа ауданы ПБ,кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, № 5 қалалық емхана, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмыстары жүзеге асты. Жоғарыда көрсетілген мектеп мамандарымен кездесу, пікір алмасу жұмыстары нәтижелі ұйымдастырылды (Қосымша 1)

Мектепшілік құқықбұзушылық орын алғанда қоғамдық кеңес отырысында қаралып отырды,хаттамалар жазылды. Сонымен қатар қадағалаусыз және қараусыз қалған балаларды анықтау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Ата – аналармен жұмыс

2022-2023 оқу жылынан мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жұмыс жасап келеді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері төмендегідей

- 1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;
- 2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;
- 3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

Орталық қызметінің принциптері:

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Осы принциптерге сәйкес мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтың бірлескен іс әрект жоспары жасалып, педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу орталығы нұсқаулығы бойынша ата налармен жұмыс жүргізілді. (Қосымша 1)

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды. Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Отбасындағы қатігездікке жол жоқ» ата-аналармен тренинг, «Менің ұстанымым» бала тәрбиесіне қатысты сауалнамалар алынып, жүйелі жұмыс жсалды.

Тәрбие жұмысына SWOT талдау

Мықты жағы • Мектептегі іс-шараларға қатысуға ата-аналарды тарту (әсіресе бастауыш сынып ата аналары) • Мектеп әкімшілігінің чат арқылы оқушылар мен ата-аналармен жедел байланысты жүзеге асыруы; • Мектептің дамуы жағдайында балаларды дамыту, әлеуметтендіру, оқушылар арасында толеранттылыққа тәрбиелеу, буллингтің алдын алу жұмыстары	Әлсіз жағы • сынып ұжымындағы активпен жұмысты әлсіз ұйымдастыру; • өзін-өзі басқару органының жеткіліксіз жоғары бастамасы, белсенділігі, тәуелсіздігі және жауапкершілігі (тиімділігі). • Сынып жетекшілер секциясындағы жаңашылдықтың төмендігі
Мүмкіндіктер • Оқушылардың бір-біріне деген толеранттылық қатынасын қалыптастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағдай жасау; • Тәрбие жұмысына әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, жұмыс формалары мен әдістерін енгізу;(Кіші мектеп жобасы)	Қауіп қатерлер • Отбасылық тәрбиенің төмендігі, ата ананың жұмыс бастылығы • Дисфункционалды, толық емес отбасылардың және тәуекел тобындағы отбасылардың болуы; • бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет желілерінде қауіпті ақпараттың үстемдігі.

2024-2025 оқу жылының тәрбие жұмысын қорытындылай келе, келесі оқу жылында төмендегі мәселелерді басты назарда ұстау қажеттілігі туындайды:

- Ұсыныс:** 1. Сынып ұжымындағы актив жұмысын жандандыруды « Жас Ұлан» ұйымымен байланысты ұйымдастыру
2. Сынып жетекшілер арасында мониторинг жүргізу;
3. Мектепшілік кіші жобаларды ұйымдастыру